

Эффективность государственной политики в любой сфере зависит от уровня ее поддержки общественностью. По своему статусу общественные организации не представляют государственной или другой власти, принципиально лишены элемента принуждения в своей деятельности. Поэтому их возможности во многих сферах, особенно в сфере борьбы с отмыванием денег, существенно ограничены. Главными субъектами борьбы с отмыванием денег остаются государство и международные организации (смотрите рисунок 1).

Успех в борьбе с международным терроризмом может быть достигнут только при реализации действенной системы мероприятий по разрушению финансовой основы группировок террористической направленности. Поэтому воспрепятствование проникновению «грязного» капитала в легальную экономическую систему – важный фактор, который оказывает содействие снижению активности террористических организаций.

Информация о денежных потоках на основе заключенных соглашений в рамках наднационального законодательства предоставляется в управление от банков и других финансово-кредитных организаций, страховых компаний, участников рынка ценных бумаг. Управление осуществляет анализ финансово-экономической информации, расследует сомнительные операции. Далее материалы по подозрительным операциям направляются в Международную организацию уголовной полиции на дальнейшее доследование и судопроизводство.

Создание такого регулятора требует изменения национального законодательства в части:

- укрепления правовых основ противодействия финансированию терроризму в формате ШОС, БРИКС;
- регламентирования организационных аспектов соответствующими нормативными правовыми актами по коллективной безопасности
- внесения изменения в соответствующие национальные законодательства о банках и банковской деятельности, страховании и тому подобное.

Список литературы:

1. Козлов А. Мир в 2030 году: однополярность или многополярность мира? // Бизнес. Общество. Власть. – № 2, февраль 2008. – С. 47-65. // http://www.hse.ru/data/2011/04/23/1210740175/47_2008-2.pdf
2. Бекетов Н.В. Мировой финансовый кризис и проблемы глобализации мировой экономики // Проблемы современной экономики. – N 2 (30), 2009 // <http://www.m-economy.ru/art.php?nArtId=2530>
3. Ниетуллаев Н.Н. Легализация незаконных доходов и «теневая» экономика Казахстана // Вестник Карагандинского университета: серия «Право». – 2012. – №3. – С. 50-57.

АФФЕКТ ЖАҒДАЙЫНДА КІСІ ӨЛТІРУ ҚЫЛМЫСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

*Өзбеков Д.Ө. қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті,
заң ғылымының кандидаты
Әбдімәжит Ж. заң факультетінің 1 курс магистранты*

Отандық әдебиеттерде адамның өмір сүруге деген құқығын қорғаудың қылмыстық-құқықтық тарихы мәселелеріне үнемі белгілі назар аударады. Біздің ойымызша, аффе́кт жағдайында жасалған кісі өлтіру үшін белгіленетін жауапкершіліктің қылмыстық-құқықтық нормаларының даму процесін тарихи құқықтық зерттеу сөзсіз қызығушылық тудырады.

Кенес мемлекетінің алғашқы декреттерінде аффе́кт жағдайы кінәлінің айыбын жеңілдететін мән-жай ретінде көрсетілмеген және арнайы қылмыс құрамы ретінде қарастырылмаған, оларда қатты аффе́кт туралы түсінік көрініс таппаған. 1917-1919 жылдар кезеңінде кеңестік қылмыстық заңнама жеке адамға және дүние мүлікке қарсы қылмыстарға нақты нормаларды көрсетпеген [1].

Тұңғыш рет аффе́кт жеңілдететін мән-жай ретінде 1919 жылғы РКФСР-дың қылмыстық құқық туралы Басшылық бастамасында айтылды, яғни бұл заң нормасы емес, тек Халық Комиссариатының (Нарком) нұсқауы болды. Нұсқаудағы 12-баптың 3-тармағында – әрбір жеке істе айып шаралары тағайындалғанда – ол алдын ала ойланып жасалған іс пе, айуандық, жауыздық, қастық, қулық немесе қызбалық, жеңілтектігінен не ұқыпсыздығынан жасалды ма, соны анықтап барып, кінәліге жазалау

шарасын белгілеу нұсқалған. Осылайша «қызбалық» жағдайда жасалған қылмысты сот жауапкершілікті жеңілдететін мән-жай деп қарастырған.

1922 жылғы Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінің 25-бабы 1919 жылғы Басшылық бастауының 12-бабының мәтінін жаңартты[2.]. Бұл баптағы «қызбалық» терминінің сақталуы 1922 жылғы Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің 144-бабында қатты аффект кезінде жасалған кісі өлтіру қылмысына қылмыстық жауапкершілік қарастыруға негіз болды. Осы бапқа сәйкес, кісі өлтіру, жәбірленуші тарапынан болған заңға қарсы қылық көрсету немесе ауыр тіл тигізу – осыған байланысты қатты жан дүние күйзелісінен кейін орын алса ғана, қылмыс деп танылған[3]. Аталған жағдайда заң шығарушы 1903 жылғы Қылмыстық Жинақтың 458-бабының 2-тармағының[4] тұжырымдарын сөзбе-сөз келтіріп отыр. 1922 жылы РСФСР-дің Қылмыстық Кодексіні құрастырушылар бұл норманы құраған кезде 1903 жылғы Қылмыстық Жинаққа сүйенгеніне профессор С.В. Познышев назар аударды. Ол: «1922 жылғы Қылмыстық Кодекстің 144-бабы Қылмыстық Жинақтың 458-бабының 2-тармағын аздаған өзгерістермен көрсетеді: Қылмыстық Жинақ 458-бапты «қатты жан толғанысы ықпалымен ойластырылған және орындалған» кісі өлтірушілік болғанда қолдануды талап етеді. Ал 144-бап «қатты жан дүние толғанысы ықпалымен жасалған» қасақана жасалған кісі өлтірушілік бейбіт жағдайда, яғни әлі ашуланбай тұрғанда жасалған кісі өлтірушілікке бұл бапты қолдануға кедергі келтірмейді. Егер ол мына төмендегі шарттарға сәйкес келсе:

- субъект қатты жан толқынысы ықпалымен әрекет жасаса;
- бұл толқыныс жәбірленуші тарапынан болған күш көрсету не тіл тигізуден туған болуы керек» [5].

1922 жылғы Қылмыстық Кодекстің 144-бабына М.М. Гроздинский түсінік беріп: «144-бап заңға қарсы күш көрсетуге жауап ретінде ғана қаралады, сондықтан егер жәбірленуші жіберген күш көрсету заңға қайшы болмаса, (мысалы, қылмыскерді қылмыс жасаған жерінде ұстаған адам оған билік орнына тапсыру үшін күш қолданады) кісі өлтірушілік 142 немесе 143-баптар бойынша жалпы негізде жазаланады, бұл жерде жәбірленушінің қолданған күш көрсетуі – кісі өлтірушінің жандүниесінің қатты толқуына әкеп соқты» [6].

Қылмыстық кодекстің 25-бабындағы «қызбалық» сот жаза тағайындағанда есепке алуы керектігіне нұсқау береді, ол 1922 жылғы Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінің жеткілікті тұжырымдалмағанын көрсетеді, өйткені бұл ұғым түсініксіз және әр түрлі ұғынылатын болғандықтан, осы ережені дұрыс пайдалануға мүмкіндік туғызбайды. Сонда да баптарды тұжырымдауда бірқатар кемшіліктер болғанын есептемегенде, бұған әділ себептер бар, 1922 жылғы РСФСР-дің Қылмыстық кодексі қатты жандүние толғанысы кезінде жасалатын қылмыстар түрінің негізгі ережелерін дұрыс құрастырып, тұжырымдаған.

1922 жылғы РКФСР Қылмыстық кодексінде көрсетілген терминологиялық (сөз тіркестері) қайшылықтары, яғни үйлеспеушіліктері болды – бұл терминдер Жалпы бөлімде «қызбалық», ал Ерекше бөлімде – «қатты жандүние толғанысы» деп көрсетілді – осыған орай олар қылмыстық заңнамада ұзақ сақтала алмады. Олар 1924 жылғы КСРО мен Одақтас республикалардың қылмыстық заңнамаларының Негізгі бастамаларында жойылды[7].

Оларды заң шығарушы жеке баптарда жеңілдететін және ауырлататын жағдай деп белгіледі. Негізгі бастаманың 32-бабында қылмысын жеңілдететін жайлар тізімі берілген. Егер қылмыс қатты жандүние толғанысы кезінде жасалған болса, әлеуметтік жазаны жеңілдету шарасын сот анықтаған.

Осылайша, заң шығарушы «қызбалық» сөзінен бас тартты және психология мәліметтері мен қалыптасқан соттық тәжірибеге сәйкес қатты жандүние толқынысы жайы туралы нақтырақ айтты.

Негізгі бастаманы қабылдағаннан кейін, жоба жасалды, одан кейін одақтас республикалардың қылмыстық кодекстерінің жаңа редакциясы қабылданды.

1926 жылы 22 қарашада РКФСР-дің жаңа Қылмыстық кодексі қабылданды, оның жалпы бөлімінің 48-бабының «д» тармақшасында қылмысты жеңілдететін жайттар қатарында қатты жандүние толқынысы әсерінен жасалатын қылмыстар аталды. Бұл бап жәбірленушінің заңға қарсы іс-әрекетінен қатты жандүние толқынысы пайда болуымен байланыстырды. Аффект, оны болдыратын жайттарға жауапкершілік үшін жеңілдіктер берілгенмен, ол уақыт сынын көтере алмады. 1958 жылғы Негіздің 38-бабының 4-тармақшасында жандүние толғанысының фактісі көрсетіліп қана қоймай, оны осындай толқынысқа жеткізген жәбірленушінің заңға қайшы әрекеттері де көрсетілген.

Организміндегі өзгерістерге байланысты аффект жағдайында кісі өлтіргендігі үшін қылмыстық жауапкершілік 1926 жылғы РКФСР-дің Қылмыстық кодексінің 138-бабында белгіленген. Бұл ережеде күшті жандүние толқынысының «кенеттен, күтпеген жерден» пайда болуы белгілері енгізілген. А.Я. Эстрин: «Біздің Қылмыстық кодекс бойынша жеңілдік жағдайындағы қылмыс болып

тек жәбірленуші тарапынан заңға қайшы қылықтарымен немесе тіл тигізу арқылы қорлау туғызған күшті жан толқынысы кезінде жасалған қылмыс қана саналады», – деп жазды. Жаңа Қылмыстық кодекс мұнымен ғана шектелмей, жәбірленушінің арандатуымен туындаған күшті жандүние толқынысы қылмыс орын алғанға дейін пайда болуы тиіс деп алғы шарт қояды. Осы мақсатпен бұрынғы 144-бап Жаңа Қылмыстық кодексте былай тұжырымдалған: «Кенеттен пайда болған күшті жандүние толғанысы кезінде жасалған қасақана кісі өлтірушілік...»[8].

Кенеттен болу белгілерін түсіндіре отырып 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексіне түсініктеме берген авторлар 138-бапта кенеттен пайда болған күшті жандүние толғанысын білдіреді деп көрсетті. Бұл деген, 138-бабында кісі өлтірушілік деген жәбірленушінің тарапынан болған күш көрсету мен тіл тигізу арқылы қорлау нәтижесінде қылмыскерде күшті жандүние толқынысы пайда болып, осының ықпалымен ол сол жерде кісі өлтіреді, тек сол жағдайда ғана осы бапқа сай келеді. Егер қылмыскер жәбірленуші тарапынан болған күш көрсету мен тіл тигізу арқылы қорлау нәтижесінде күшті жандүние толқынысында болып, кісі өлтіруді кешірек жасаса, яғни біршама уақыт өткеннен кейін өлтірсе, онда бұл кісі өлтірушілік жәбірленушінің тарапынан болған күш көрсетуге немесе тіл тигізуге тікелей жауап болып табылмайды, сол себепті 138-бап құзыретіне де кірмейді. Осындай көзқарасты

А.А. Пионтковский [9] мен А.А. Жижиленко да ұстанған [10] Осылайша кенеттен күшті жандүние толқынысының пайда болу белгілері кінәліні қылмыстық жауапкершілікке тартудың қажетті шарты деп қарастырылды.

Кейбір криминалистер қарама-қайшы бағыттағы пікірлерін де айтты.

А.Б. Вроблевский және Б.С. Утевский 138-бапты қолдануға кедергі жоқ, егер кісі өлтірушілік тыныш жағдайда ойластырылған болса деп есептеді [11]. Қылмыстарды саралау үшін бұл белгінің мәні мен маңызы туралы пікір таластар бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 1926 жылы Қылмыстық Кодекстің жарық көруі және РСФСР-дің Жоғарғы Сот Пленумының осы сияқты істерге басшылық түсіндірулері ғалымдар мен қылмыстық істі жүргізушілерге одан әрі тиянақты талдаулар жасауға, аффект жағдайындағы қылмыстар түрін саралауға негіз берді. А.А. Жижиленко: «Кісі өлтірушілікті айрықша құқықтық жеңілдіктегі кісі өлтірушілік деп тану үшін бір ғана қатты ашу қысқанда уақытша есінен адасуы, яғни күшті жан толқынысы жеткіліксіз. Бұл жерде ашық арандатушылық болуы талап етіледі, яғни жәбірленуші тарапынан белгілі шабуыл іс-әрекеті қажет. Бұл арандатушылық 138-бапқа сәйкес не күш көрсету не тіл тигізу арқылы қорлау түрінде жәбірленуші тарапынан болу керек. Ауыр түрде қорлауға кінәлінің жандүниесінде күшті ашу туғызып, ол сол себепті не істеп, не қойғанын білмей есінен адасса – бұл осыған жатады, бұған қосымша, мысалы, адалдығына, тазалығына озбырлық жасау жатады, бірақ сөздің негізгі мағынасында ол арға тию болып табылмайды, немесе бұзақылық, бұл да жекелеген азаматтарды сыйламаудың көріністерін береді» [10, 15 б.].

Басқа ғалым – С. Мокринский – аффект кісі өлтіруде аз ғана әлеуметтік қауіпсіздік дәлелі ретінде қызмет ете алатындығын талдай келе: «Заң толқыныс жағдайын – жәбірленуші тарапынан арандатушылықтан туындаған белгілі бір себеп ретінде ғана есептейді» деп атаған. Кісі өлтірушілік – өлген кісі тарапынан болған күш көрсету немесе ауыр сөзбен қорлауға (сот бағасы бойынша) жауап актісі болу керек [12]. Психологтардың «қатты аффект сәтінде өте күшті толқу есті жеке бас қызметіне кедергі келтіреді, қозғалыс сәті қимылының қалай болса солай болуына бағынып, сол сәтте санасы не десе солай істейді, үлкен көңіл-күй толқынысы қарбаластық туғызады, мұндайда кез-келген сылтау жағдайды бәсеңдетеді» деген нұсқауы кейбір ғалымдарға қарсы пікір айтуға мүмкіндік берді, оған сәйкес ашу кезінде уақытша естен адасу фактісінің өзі оны тудыратын себептерге қарамастан, жауапкершілікті төмендетуге негіз етпеуі қажет. «Алайда, және жалпы, – деп жазды М.Д. Шаргородский, – арандатушылықты талап етуі – негіз болып табыла алмайды...

Аффект жағдайында кісі өз қылығына қасақана екеніне толық жауап бере алмайды, жәй ғана сол жағдайдың нәтижесінде – ол болған көңіл-күй жайы, яғни тура сол жағдай жазалау шараларының төмендетуіне сылтау болуға тиіс» [13].

Келтірілген көзқарас 1959 жылғы Қазақ КСР-нің Қылмыстық кодексінде көрініс тапқан жоқ. Осы заңға сәйкес барлық оқиғаларда кінәні жеңілдететін жағдай – жәбірленушінің заңсыз арандатушылық әрекеті болып табылады (Қазақ КСР-нің Қылмыстық кодексінің 35-бабы, 4-тармағы), сол сияқты егер ол жәбірленуші тарапынан күш қолдану немесе тіл тигізу арқылы қорлау, не заңға қайшы әрекеттер болса ғана, егер осы әрекеттер кінәлінің немесе оның жақындарының өміріне ауыр зардап келтірсе немесе келтіретіндей болса.

Осылайша, күшті жандүние толқынысы қылмыстық заңнамада екі мәнге ие болады: бір жағдайлар үшін 89-бап бойынша саралауға ықпал ететін арнайы норма белгіленген, ал басқалары үшін кінәсін жеңілдететін мән-жайлардың маңызы қылмыс құрамына енгізілмеген, тек қана жаза

шарасына ықпал етті (35-бап, 4-тармақ). Біздің пікірімізше, мұндай саралау төмендегі жағдайлармен байланысты.

Біріншіден, қатты аффект жағдайында жасалатын қылмыстың таралуымен, және олардың бағыттылығы, әдетте, ол жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталады. Заң шығарушы арнайы құрамды құрастыруда осы факторды ескеруге мәжбүр болды.

Екіншіден, күшті жандүние толқынысының пайда болу уақытымен байланыстырылады. Қазақ КСР Қылмыстық кодекстің 35-бабының 4-тармақшасында күшті жандүние толқынысының кенеттен пайда болу белгілері көрсетілмеген, ол Қазақ КСР-нің Қылмыстық кодексінің 89-бабының диспозициясында тікелей көрсетілген.

Үшіншіден, кінәлінің қызығушылық аймағына қол сұғу аффект тудыруы мүмкін және жауапкершілігін жеңілдететін мән-жай бола алады, ал Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 35-бабының 4-тармақшасында шектеу белгісі болған жоқ.

Қазақ КСР Қылмыстық кодекстің 35-бабының 4-тармақшасында «күшті жандүние толқынысы» түсінігі жоғары деңгейде анықталмаған және әр түрлі ұғынуға болатын құбылыс болды, сондықтан алдын ала тергеу органдары мен сотқа қай жандүние толқынысын күшті, ал қайсысын әлсіз деп анықтау құқығын берді.

Күшті жандүние толқынысының Қазақ КСР Қылмыстық Кодекстің 35-бабының 4-тармақшасындағы мәні – Қазақ КСР Қылмыстық Кодекстің 89-бабы қарастырған аффект жағдайы деп негізге алып айтатындай үдемелі дәрежеге жетпейді, өйткені «әдетте ол кінәлінің ерік-жігерінің бұзылуын туғызбайды» [14]. Осыған байланысты теория мен тәжірибе Қазақ КСР Қылмыстық Кодексінің 35-бабының 4-тармақшасын қолдануды тек қана жәбірленушінің құқыққа қайшы жүріс-тұрысынан кейін жасалған іс-әрекетімен байланыстырып қана қоймай, жүріс-тұрысын ойланып және шешім қабылдау үшін жеткілікті белгілі бір уақыт аралығынан кейін немесе басынан өткізген алыс емес өткендегі өкпені еске түсірген кезде жасалған іс-әрекетпен де байланыстырады.

Жасалған қылмысты бағалауда жазаны жеңілдетуге құқық беретін мән-жай ретінде күшті жандүниелік толғаныс жағдайына ғана нұсқау беруден гөрі, жәбірленушінің құқыққа қайшы әрекетінен туындаған кенеттен пайда болған күшті жандүниелік толқыныс жағдайында қылмыс жасауға нұсқау берудің үлкен маңызы бар.

Заңи әдебиеттерде «күшті жандүниелік толғаныстың кенеттен пайда болуы» түсінігі әртүрлі түсіндірілді. Көптеген криминалистер оны «күшті жандүние толқынысының лезде пайда болуы» түсінігімен ұқсас деп қарастырды, бұл жәбірленушінің әрекеті мен кінәлінің аффект жағдайының арасындағы қандай да болмасын уақыт аралығын жоққа шығарады [15]. Алайда, кейбір авторлар «кенеттен» ұғымы тек жәбірленушінің әрекеті мен оған деген кінәлінің қарсы жауабының арасында қандай да бір уақыт аралығы болғанда ғана орын алады деп есептейді.

Қылмыстарды саралауда бұл белгілердің мәні мен маңызы туралы пікір-таластар бүгінге дейін жалғасып жатқанын айтқан жөн.

Зерттеліп жатқан норманы тарихи тұрғыдан талдау – революцияға дейінгі қылмыстық заңнамада, 1959 жылға дейінгі кеңес кезеңіндегі заңнамада, жәбірленуші тарапынан құқыққа қайшы зорлық-зомбылық немесе ауыр балағаттау келтірілетін тұлғалардың шеңбері шектелмегендігін көрсетеді. Бұл зорлық-зомбылықтың кінәлінің өзіне және оның туған-туысқандарына ғана бағыттталып қана қоймай, басқа да кез келген тұлғаларға бағытталуы мүмкін деп заңның бабын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Баптың осындай редакциясы бізге дұрысырақ болып көрінеді.

1997 жылы мүлдем жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі қабылданып, 98-бабында қаралып жатқан қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартуды белгіледі. ҚР Қылмыстық Кодексінің 98-бабының редакциясы Қазақ КСР-нің 1959 жылғы Қылмыстық Кодексінің осындай нормасынан мазмұны жағынан анағұрлым ерекшеленеді. Атап айтсақ, онда жәбірленушінің құқыққа қайшы жүріс-тұрысы кінәлі адамға да, оның жақын туыстарына да ауыр зардап әкелді немесе әкелуі мүмкін деген нұсқау жоқ. ҚР Қылмыстық Кодексінің 98-бабы қатты аффект туындатуға негіз болатын себептердің шеңберін анағұрлым кеңейткен. Заң тұңғыш рет «аффект» деген терминді қолданды, оны «кенеттен пайда болған күшті жандүние толқынысы» түсінігіне тең ұғым ретінде қарады. Осы қылмыстың сараланған түрі анықталды (101-бап, 2-тармақ).

Қысқаша тарихи шолу жүргізу көрсеткендей, 1917 жылдан 1922 жылға дейін жан дүниесінің қатты толқуы жағдайында жасалған кісі өлтіру үшін жауапкершілікті қарастыратын арнайы қылмыс құрамы болмаған. Алғаш рет бұл туралы қылмыстық-құқықтық норма 1922 жылғы РКФСР-дың Қылмыстық кодексінде пайда болды және одан кейінгі жылдарда өзгерістерге ұшырап отырды.

Сондай-ақ 1926 жылғы РКФСР-дың Қылмыстық кодексінің 138-бабының диспозициясына жан дүниесінің қатты толқуының «кенеттен» пайда болуының белгілері енгізілді.

«Жан дүниесінің қатты толқуының кенеттен пайда болуы» деген түсінікке заңи әдебиеттерде әр түрлі түсіндірулер беріледі. Криминалист мамандарының көпшілігі оны «жан дүниесінің қатты толқуының лезде пайда болуы» деген түсінікпен бірдей деп есептеді, бұл кінәлінің аффект жағдайымен жәбірленушінің іс-әрекетінің арасындағы қандайда бір уақыт кезеңін жоққа шығарды. Бірақ кейбір авторлар кенеттен пайда болу деп жәбірленушінің іс-әрекетімен оған қарсы туындаған кінәлінің жауабының арасындағы уақыт аралығын есептеген.

Бұл белгінің қылмысты саралау үшін маңызды ролі туралы жарыс сөз әлі күнге дейін жалғасын табуда. Тарихи тұрғыдан зерттеліп жатқан норманы талдау, не революцияға дейінгі қылмыстық заңнамада не кеңес кезеңіндегі заңнамада 1959 жылға дейін жәбірленушінің заңға қайшы зорлық-зомбылығы не болмаса ауыр балағаттауы келтірілуі мүмкін тұлғалардың шеңберінің шектелмегендігін көрсетті. Бұл жеке тұлғаға қолданылатын зорлық-зомбылық тек қана кінәлінің өзіне, оған жақын тұлғаларға ғана емес, сондай-ақ басқа да кез келген тұлғаларға қатысты бағытталуы мүмкін деп заңның бабын бұрмалай отырып шолу жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Герцензон А.А., Грингауз Ш.С., Дурманов Н.Д., Исаев М.М., Утевский Б.С. История советского государства и права 1917–1947. - М., 1948. - 260 с.
- 2 Голяков И.Т. Сборник документов по истории уголовного законодательства СССР и РСФСР 1917–1952 гг. – М., 1953. – 464 с.
- 3 Уголовный кодекс: Научно-популярный практический комментарий / под ред. М.Н. Гернета и А.Н. Трайнина. – М.: Право и жизнь, 1927. – 390 с.
- 4 Таганцев Н.С. Уголовное уложение 22 марта 1903 г. – СПб., 1904. – 616 с.
- 5 Познышев С.В. Очерк основных начал науки уголовного права. Особенная часть. – М., 1923. – 296 с.
- 6 Гроздинский Л.Н. Преступления против личности. – М., 1924. – 367 с.
- 7 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления Советской власти). - Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР, 1955. - 300 с.
- 8 Эстрин А.Я. Уголовное право КССР и РСФСР. – М.: Юриздат, 1927. – 71 с.
- 9 Пионтковский А.А. Советское уголовное право. Особенная часть. – М., 1928. – Т. 2. – 450 с.
- 10 Жижиленко А.А. Преступления против личности. – М.: Госюриздат., 1927. – 97 с.
- 11 Вроблевский А.Б., Утевский Б.С. Уголовный кодекс, редакция 1926 года: Комментарий / под ред. Е.Г. Ширвинда. – М.: Изд-во НКВД, 1927. – 431 с.
- 12 Мокринский С., Натасон В. Преступления против жизни и здоровья. – М.: Юриздат, 1917. – 170 с.
- 13 Шарогородский М.Д. Преступления против жизни и здоровья. – М.: Юриздат, 1948. – 511 с.
- 14 Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан: Особенная часть / И. Ш. Борчашвили; под общ.ред. А. К. Даулбаева. - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - Т.2. - 2015. - 1119 с.
- 15 Филиппова Е. О. Особенности уголовной ответственности за убийство в состоянии аффекта в законодательстве России и зарубежных стран. Matters of Russian and International Law. 2015. - № 10. – С. 106-122

ПОНЯТИЕ СУБЪЕКТА КОММЕРЧЕСКОГО ПОДКУПА

*Маймакова А.Б., докторант Карагандинского государственного университета
им. Е.А. Букетова
(научный руководитель, доцент Карагандинского государственного университета
им. Е.А. Букетова Аманжолова Б.А.)*

Субъектом коммерческого подкупа может являться только лицо, выполняющее управленческие функции в коммерческой или иной организации. Данные лица, выделяются характером осуществляемых ими обязанностей. Они должны быть наделены организационно-распорядительными или административно-хозяйственными обязанностями.